

атауы, бағасы мектеп басшысының, мектеп арендаторының мөрімен расталып, бекітілген. 2025 жылдың 2 қыркүйегінен бастап 4 апталық ас мәзірі енгізілді. Бір балаға бір күндік тамақтану құны – 665тг. Аз қамтылған және бастауыш сынып балалардың саны – 304. Мектеп медбикесімен бірге асхана жұмысын үнемі бақылауда болды. Тамақтардың құйылу нормасын бақыланды. Тамақтардың дайындалу сапасы жақсы, нормаға сәйкес болды. Дайын өнімдер мен шикі заттардың сақталу орны таза. Қабылданатын азық-түлік өнімдерінің сапасын сақтау шарттары мен мерзімдері талапқа сәйкес тағамды жасау технологиясы сақталған, тоңазытқыштардың жұмыс жасауы қалыпты. Тоңазытқыш саны - 3. Тамақтардың сақталуы, тауар көршілестігі сақталды.

Асхана қызметкерлеріне шағым түскен жоқ. Жұмысқа рұқсат етілген санитарлық кітапшалары бар, мерзімі жарамды. Тұрмыстық бөлмелері таза, асхана жұмысына қатысты журналдарын медбике толтырады. Жыл басынан бері барлық жазбалар түсірілген. Тексеру сәтіндегі күндік ас мәзірі перспективалық ас мәзірімен сәйкес келеді. Мектеп оқушылары үшін ауыз су мәселесі қарастырылған. Мектептің екі қабатында да су ішетін қондырғылар (су бұрқақтары) орналастырылған.

Тамақтардың сақталуы жақсы. Ұн, макарон, күріш, жарма т.б. өнімдері арнайы ыдыстарда сақталған және жерден биік жерге қойылған. Барлық ыдыстардың маркировкалары бар, ас блогында пайдаланылатын ыдыстардың барлығы таңбаланған. Раквиналары таза, асхана қызметкерлерінің ауысымды халаттары ілінген, қоқыс тастайтын контейнерлері бар, тамақты тасымалдау жұмысы жақсы. Тоңазытқыштар таза, жуылған, санитарлық жағдайы жақсы. Қолданылатын ыдыс-аяқтар саны жеткілікті, тексеру кезінде сынған, зақымданған фактілер анықталған жоқ.

Ұсыныс:

1. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыру санитарлық талаптарға сай жүргізіліп, ағымдағы оқу жылында мектеп әкімшілігі тарапынан қатаң бақылауда болсын.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:



Д.Ш.Урекешова.

Р.А.Смайлова.